

Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы
Мақтарал аграрлық колледжі



«Тәртіп және біз»

«Жемқорлықпен күрес – қоғам борышы» тақырыбында
құқық қорғау органы қызметкерлерімен өткізілген тақырыптық жиынның
бағдарламасы

Атакент, 2018ж

Құқықбұзушылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында
"Жемқорлықпен күрес – қоғам борышы" тақырыбында құқық қорғау органы
қызметкерлерімен өткізілетін тақырыптық жиынның
б а ғ д а р л а м а с ы

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету; Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу; саяси сауаттылыққа баулу; Оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету; Оқушылар бойында демократиялық көзқарас қалыптастыру; Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады.

Қазіргі біздің қоғамымыздың басты талабы – мемлекеттік және халықаралық деңгейге сай, бәсекеге төтеп бере алатын, жан-жақты, адамгершілік-этикалық нормаларды меңгерген, отансүйгіш, патриоттық сезімде өскен ұрпақтар тәрбиелеу. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру-үйлесімді тәрбиені білім беретін оқу орындарында пайдалану, оны жетілдіру, өзге тәрбие нысандарымен байланыстыра отырып, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыруда, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда қолдану басты іс болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары, білімді оқушылар тәрбиелеу және қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр.

Бұған себеп, қоғамымызда қажетті деңгейде құқықтық сана мен жігердің жетіспеушілігінен болып отырғаны анық. Б.Момышұлы айтқандай «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп Қазақстанның дамыған өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін білікті заңгерлердің, заңнан хабары бар азаматтарымыздың көп болғаны дұрыс. Осы орай бүгін біз колледжімізге

1. Мақтарал ауданының ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Азимбеков Шерхан Сайлаубаевич ағамызды.
2. Ермашов Нұрболат Қуатович – аға лейтенант
3. Көпжасаров Сәбит – полиция капитаны

Жүргізуші: Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Халқымыздың аяулы ұлы, зиялы азаматы Б.Момышұлы кезінде «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің

азаюынан қорқам. Дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ» деп мұңайған екен. Бауыржан атамыз бүгінде біздің арамызда жоқ. Осы атамыз көтерген мәселе бүгінде бәрімізді алаңдатуы тиіс. Бұл ата-анаға да, оқытушыларымызға да, балаларға да ой салады деп ойлаймын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, балаларымызды бірлесе тәрбиелейік. Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарыңызды орынды пайдалана білуге шақыра отырып «Құқықтық сауаттылық пен мәдениет» атты құқықтық кездесуімізді қорытындылаймыз.

Баяндама: «Тәртіп және біз»

Баяндамашы: арнайы пән оқытушысы Оспанәлі Берік.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері:

1. Корпоративті сыбайлас жемқорлық – капиталдың елден шығарылуы, салық төлеуден жалтару, кәсіпкерлігін жүргізу үшін шенеуніктерге пара беру, үстемақы алу үшін монополиялық жағдайды пайдалану, келісім, сараптама мен сертификат алу үшін пара беру.

2. Саяси сыбайлас жемқорлық – ақша алып, мемлекеттік сатып алудың бюджеттік қаржысын заңсыз бөлу, түрлі мемлекеттік қызметтердің орындалуын тездету үшін пара алу, түрлі заң бұзушылықтарды жасыру үшін ақша бопсалау, қаржының депозит не облигация ретінде қаржы ұйымдарына жіберілуі, инвесторларға заңсыз түрде қолайлы жағдай жасау.

3. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа жататын қылмыс:

- қызмет орнын, өкілеттігін пайдалану;
- билігін не қызмет өкілеттігін пайдалану;
- лауазымды тұлғаның өкілеттігін пайдалану;
- заңсыз түрде кәсіпкерлікпен айналысу;
- заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі болу;
- пара алу;
- пара беру;
- бопсалауда арада жүру;
- қызмет орнында алдау;
- қызмет орнындағы әрекетсіздік;
- немқұрайлылық.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандар үшін ескі мерзім болмайды, шартты түрде сотталуға тыйым салынған, өмір бойы мемлекеттік қызметпен айналысуға тыйым салынады. Жыл сайын мыңдаған адам (шенеуніктер де, азаматтар да) сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке



Құқықбұзушылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында **"Жемқорлықпен күрес – қоғам борышы"** тақырыбында құқық қорғау органы қызметкерлерімен тақырыптық жиын өткізілді. Сөз Мақтарал ауданының ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Азимбеков Шерхан Сайлаубаевичке берілді.





Полиция капитаны Көпжасаров Сәбит жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық фактілері туралы айтып өтті.



тартылады. Ең жоғары деңгейдегі шенеуніктер де, тіпті министрлер мен облыс әкімдері де сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қамауға алынып, сотталады. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа қылмыстық кодекске, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық саласына қатысты да өзгерістер енгізілген.

361 Қызмет орнын пайдалану 2000 АЕК дейінгі айып / 4-8 жылға бас бостандығынан айыру;

362 Билігі мен қызмет орнын асыра пайдалану 3000 АЕК дейінгі айып / 5-10 жылға бас бостандығынан айыру;

363 Лауазымды тұлғаның өкілеттігін иелену 2000 АЕК дейінгі айып / 75 тәулікке қамалу Заңсыз түрде кәсіпкерлік қызметке араласу 1000 АЕК дейінгі айып / 4 жылға бас бостандығынан айыру;

365 Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі болу 2000 АЕК дейінгі айып / 3-7 жылға бас бостандығынан айыру;

366 Пара алу 50 пара көлеміндегі айып / 10-15 жылға бас бостандығынан айыру;

367 Пара беру 20 пара көлеміндегі айып / 10-15 жылға бас бостандығынан айыру;

368 Бопсалауда арада жүру 10 пара көлеміндегі айып / 6 жылға бас бостандығынан айыру;

369 Қызмет орнында алдау 2000 АЕК дейінгі айып / 3-6 жылға бас бостандығынан айыру;

370 Қызмет орнындағы әрекетсіздік 2000 АЕК дейінгі айып / 4-8 жылға бас бостандығынан айыру;

371 Немқұрайлылық 1000 АЕК дейінгі айып / 5 жылға бас бостандығынан айыру.

Егер сіз қандай да бір ұйым, мекемеде жемқорлық, бопсалаушылық, пара алу, пара беру және т.б. сыбайлас жемқорлық көрінісіне тап болсаңыз, бұл проблемаға немқұрайлы қарамаңыз.

Жүргізуші: Халқымыздың аяулы ұлы, зиялы азаматы Б.Момышұлы кезінде «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ» деп мұңайған екен. Бауыржан атамыз бүгінде біздің арамызда жоқ. Осы атамыз көтерген мәселе бүгінде бәрімізді алаңдатуы тиіс. Бұл ата-анаға да, оқытушыларымызға да, балаларға да ой салады деп ойлаймын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, балаларымызды бірлесе тәрбиелейік. Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарыңызды орынды пайдалана білуге шақыра отырып «Құқықтық сауаттылық пен мәдениет» атты тақырыптық жиынымызды қорытындылаймыз.

Мақтарал аграрлық колледжінде құқықбұзушылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «**Жемқорлықпен күрес – қоғам борышы**» тақырыбында құқық қорғау органы қызметкерлерімен өткізілген тақырыптық жиынның хаттамасы

Х А Т Т А М А № 2

25.09.2018ж.

Қатысқандар: 332

Күн тәртібі:

1. «**Тәртіп және біз**» тақырыбындағы баяндама.
2. Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, өз құқықтарын қорғай білуге үйрету бағытында әңгіме жүргізу.

Тыңдалды:

Мақтарал аграрлық колледжінің кәсіподақ төрағасы Қ.Байжанов күн тәртібіндегі мәселелермен танысытырып, сөз кезегін арнайы пән оқытушысы Оспанәлі Берікке берді. Оспанәлі Берік «**Тәртіп және біз**» тақырыбында баяндама оқыды. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері:

1. Корпоративті сыбайлас жемқорлық – капиталдың елден шығарылуы, салық төлеуден жалтару, кәсіпкерлігін жүргізу үшін шенеуніктерге пара беру, үстемақы алу үшін монополиялық жағдайды пайдалану, келісім, сараптама мен сертификат алу үшін пара беру.

2. Саяси сыбайлас жемқорлық – ақша алып, мемлекеттік сатып алудың бюджеттік қаржысын заңсыз бөлу, түрлі мемлекеттік қызметтердің орындалуын тездету үшін пара алу, түрлі заң бұзушылықтарды жасыру үшін ақша бопсалау, қаржының депозит не облигация ретінде қаржы ұйымдарына жіберілуі, инвесторларға заңсыз түрде қолайлы жағдай жасау.

3. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу.

Мақтарал аграрлық колледжінде оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында "Тәртіп және біз" тақырыбында Мақтарал ауданының ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Азимбеков Ш.С. , полиция капитаны Көпжасаров С.Д., аға лейтенант Ермашов Н.Қ. қатысуымен кездесу-жиын болып өтті. Жиында Мақтарал ауданының ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Азимбеков Ш.С. сөз сөйледі. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық

және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады.

Қазіргі біздің қоғамымыздың басты талабы – мемлекеттік және халықаралық деңгейге сай, бәсекеге төтеп бере алатын, жан-жақты, адамгершілік-этикалық нормаларды меңгерген, отансүйгіш, патриоттық сезімде өскен ұрпақтар тәрбиелеу. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру-үйлесімді тәрбиені білім беретін оқу орындарында пайдалану, оны жетілдіру, өзге тәрбие нысандарымен байланыстыра отырып, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыруда, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда қолдану басты іс болып табылады.

Полиция капитаны Көпжасаров С.Д жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық фактілері туралы айтты. Құқықбұзушылықтың басты себебі – заңды білмеу және кешкі мезгілде көшеде жүруден болатынын нақты мысалдармен түсіндірді.

Кездесуге қатысқан студенттер полиция қызметкерлеріне өз көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, нақты жауаптар алды.

Кездесуді жүргізуші Қ.Байжанов бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шындауымыз керектігін өмір көрсетіп отырғанын айтып, оқушыларды Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарын орынды пайдалана білуге шақыра отырып жиынды аяқтады.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың алдын алу мақсатында колледжде қажетті шараларды жүйелі жүргізу.
2. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықтары мен міндеттерімен таныстыру, қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында атқарылатын шараларды жандандыру.

Жиын төрайымы:

Хатшы:



А.Батырханова

Ж.Арынова